

26 Мамыр
Жұма,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«АНА ТАҒЫЛЫМЫ – ҰРПАККА ӨНЕГЕ» ДӘСТҮРДІ ДӘРІНТЕГЕН ЭТНОФЕСТИВАЛЬ

“ҚАЗАҚ АНАЛАРЫ - ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ” ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ҚАЗАҚ АНАЛАРЫНА ОТБАСЫ, БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ТІЛІМІЗДІ, ДІЛІМІЗДІ, ҰСТАНҒАН ДІНІМІЗДІ, САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДІ, ӨДЕТ-ҒҰРПЫМЫЗДЫҢ ОЗЫҒЫН НАСИХАТТАП,ҮЙРЕТУ, ТӨЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕГІ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ҚҰРЫЛҒАН.



Осы орайда Ұлы Жібек жолында: жаңғырған Көкжар жәрмеңкесі» аясында Республикалық «Қазақ аналары-дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі Ақтөбе облыстық филиалының Ойыл ауданында ашылуына орай «Ана тағылымы-ұрпаққа өнеге» атты этнофестиваль өтті. Этнофестивальге Ақтөбе қаласынан, Алға, Ырғыз, Қобда, Темір, Мәртөк аудандарынан ақ жаулықты аналар келді. Ашылу салтанаты сәні мен салтанаты келіскен кимешекті әжелердің шеруімен басталып, келіндеріміз шараға жиылған қонақтарға иіліп сәлем беріп, қарсы алды.

«Қазақ аналары - дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының кеңесшісі Райгүл Серғалиева қазақ қыздары мен аналарының бас киім дефилесін ұсынса, «Ұмыт болған салт-дәстүрлерден» көріністерге

ырғыздық аналар «Босаға майлау», Ақтөбе қаласынан келген аналар «Кимешек кигізу», «Құттық» дәстүрлерін көрсетсе, жергілікті «Замандас» аналар және «Әйел бақыты» жас келіндер клубы «Аунату» дәстүрін көрсетіп, жас ұрпаққа мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді насихаттады. Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласып, жиналған жұртшылықтың көңілін көтерді. Ақтөбе облысының Ырғыз, Алға аудандарының қолөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Шеберлер ауылы» ұлттық көрмесі жасақталып, аналар қызығушылық клубтарының көрме-жәрмеңкесі, шеберлік сағаттары, ұлттық қолөнер бұйымдары мен тағамдары көрмесі ұйымдастырылды.

Сауда қатарларында ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өткізіліп, ет, сүт, өнімдері жәрмеңке сөрелерін толтырды. Жәрмеңкеге 7 ауылдық округтің кәсіпкерлері арзандатылған бағамен ауыл шаруашылығы өнімдерін әкеліп, халыққа ұсынды. Аудан тұрғындары мен өрілген шара барысында Ойыл аграрлық колледжінде «Ұлттық салт-дәстүр- халқымыздың рухани өзегі» атты Республикалық «Қазақ аналары - дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айнуір Жүгінісовамен кездесу өтті.

Кездесуде тағылымды әңгімелер айтылып, отбасы тәрбиесі жөнінде ғибраты мол мазмұнды рухани басқосуға айналды.

«Қазақ аналары-дәстүрге жол»

қоғамдық бірлестігі Ақтөбе облыстық филиалының төрайымы Назира Табылдинова Ш.Берсиев атындағы модельді ауылдық кітапханасының меңгерушісі Ақгүл Әбіловаға «Салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» атынан қайырымдылық көмегін берсе, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысының орынбасары Шамшырақ Жоламановаға «Еңбек даңқы» төсбелгісін тақты. Мәдениет қызметкерлері күніне орай ауданның мәдениет саласына қосқан елеулі еңбегі үшін Құмжарған ауылдық клубының меңгерушісі Нұргүл Дүйімоваға Алғыс хатын табыс етті.


Өз кезегінде Айнуір Серікқызы қоғамдық бірлестіктің жеткен жетістіктеріне тоқталып, жоба Ойыл жерінде сәтті жалғасын тапсын деген жылы лебізін жеткізді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селпосы.

СЕССИЯ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. СЕССИЯНЫҢ КҮН ТӨРТІБІНЕ АУДАН ӨМІРІНДЕГІ БІРҚАТАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҰСЫНЫЛЫП, ТАЛҚЫЛАНДЫ, ТИІСТІ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ.



Алдымен аудандық мәслихаттың білім, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері жөніндегі және әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияларының кеңейтілген отырысы өткізілді. Онда аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаевтың Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 458 «Ақтөбе облысында жерледің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» шешімінің ауданда жүзеге асырылуы туралы, аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

Болатбек Әділхановтың «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу және «2022 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы» хабарламалары мен аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменовтің Қазақстан Республикасы «Жайылымдар туралы» Заңының ауданда жүзеге асыру жөніндегі есебі тыңдалды. Одан кейін аудандық төтенше жағдайлар бөлім басшысының міндетін атқарушы Дәурен Өлғасыров «Аудан аумағында су тасқынына қарсы

қажетті жұмыстарды жүргізу үшін тартылатын күштер мен құралдардың дайындығы туралы» мен аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Нұржау Тұрғамбеков «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының орташа жөндеу туралы» баяндады. Сонымен қатар, ауылдық округтердің бюджетінің атқарылуы бойынша округ әкімдерінің есебі тыңдалды.

Сонымен қатар, сессия барысында аудандық мәслихат депутаттары аудан әкімінің атына өз депутаттық сауалдарын жолдады. Айта кетсек, Д.Амангосұлы Батпақты өзенінің бөгетін және Ақкемер мен Қоңырат елді мекендерінің жолының жөндеуі бойынша ұсыныс білдірсе, С.Оралов Ақжар ауылының ауылшілік жолдарының мәселесін, Е.Жиеналин Ойыл ауылының ауылшілік жолдарын жөндеу қажеттілігі мен ойын алаңдарын салу бойынша, С.Займолдин Ойыл ауылының жалдамалы - коммуналдық пәтерлерін жаңарту, жөндеу бойынша өз сауалын жеткізді.

Кезекті үшінші сессияда күн тәртібіндегі мәселелер толықтай қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

ТӘРБИЕНІҢ ЕҢ ТАМАША МЕКТЕБІ - ОТБАСЫ



15 мамыр «Халықаралық отбасы күніне» орай ұйымдастырылған «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» атты отбасылық шара жас отбасылардың жүгіру марафонымен басталды.

Абай мен Көкжар көшелерінің қиылысынан қозғалған отбасылар «Тәуелсіздік» көшесінің бойында орналасқан отбасылық саябаққа дейін барды. Айтулы мереке әрі қарай отбасылық саябақта мәдени көпшілік шарамен жалғасты.

Шараға еңкейген қариядан бастап еңбектеген балаға дейін бір отбасыдай атсалысты. Шарада Ойыл ауылдық округінің әкімі Артур Амангосов барша жұртшылықты мерекемен құт-

тықтап, мереке қарсаңында ойылдық жас отбасылар арасында ұйымдастырылған «Love story» атты интернет байқауында жоғары белсенділік танытып, аудан тұрғындарының ықыласына бөленген Қожасаевтар, Мағзимо-втар, жүлделі І орынға ие болған Шойыновтар отбасын марапаттады. Әрі қарай мерекеде Өтеген Сағатов ата ізгі тілегін арнап, Тілеген Алданаев ақ батасын берді. Әсем әуен әуелеген саябақтың сәнін әрі қарай аудан өнерпаздары концерттік бағдарламамен өрпесе, аудандық орталық кітапхана қызметкерлері ойындар ұйымдастырды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селпосы.

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Өткен апта 21 мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған мерекелік шаралар таңертемен басталып кетті. Ересектер арасында

шағын-футболдан аудандық турнир өтті. Турнирге кітапхана, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі, музыка мектебі, аудан өнерпаздары және

ауылдық округ ұйымдастырушылары, мәдениет үйі мен Көкжар қырандары командалары қатысты.

Ойын тартысты өтіп, жарыс қорытындысы бойынша Ақтөбе қаласынан келген жерлестеріміз «Көкжар қырандары» командасы жеңімпаз атанды. Түстен кейін «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында мәдениет қызметкерлеріне арналған мерекелік шара өтті. Айтулы шараның шымылдығын «Әсем» би ансамблі «Қазақ» биімен ашты. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мәдениет қызметкерлері мен ардагерлерін мерекелерімен құттықтап, шығармашылық табыстар тіледі. Сондай-ақ ауданның мәдениет саласына қосқан елеулі еңбегі үшін бірқатар қызметкерлерді марапаттады. Тарқа-тып айтсақ, аудандық мәдениет үйінің музыка сүйемелдеушісі Асылхан Өтепов, Ш.Берсиев модельді ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ақгүл Әбілова, «Даңқ» саябағының күзетшісі Ал-тынбек Дошаев, аудандық орталық кітапхананың тазалықшысы Сая Өтепова, «Шұғыла» мәдени-ет және демалыс орталығының

шаруашылық меңгерушісі Айнаш Байбарақовалар марапатталды. Өуезді әуен мен ақ тілектер төгілген шарада ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев «Салалық мәдениет, спорт және ақпарат» қызметкерлерінің кәсіптік одағы» АОФ қоғамдық бірлестігінің төрағасы Н.С.Табельдинованың Алғыс хатын аудандық мәдениет саласының ардагері Жаңылдық Бисенғалиеваға табыс етсе, бірқатар қызметкерлер бөлім басшысы мен мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталды.

Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Сәкен Займолдин, «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин, аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев, Ойыл аграрлық колледжінің директоры Серік Займолдиндер де уақытпен санаспай, ауданда өткен мәдени шаралардың бел ортасында жүретін қызметкерлерге өз сый-сияпаттарын ұсынды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селпосы.

АҚТӨБЕЛІК ФЕРМЕРЛЕР ҚОСТАНАЙ ЕТ ӨНДЕУ КЕШЕНІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ДАЙЫН



Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасында жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің Қостанайдағы «Beef Export Group» зауытының өкілдерімен кездесуі ұйымдастырылды.

Кездесу барысында олар ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алу шарттары туралы айтып, компанияның басымдықтары мен әлеуетті серіктестерді қаржылан-дырудың коммерциялық бағдарламаларын түсіндірді. «Біз үшін фермерлердің бізбен ынтымақтастықтың болашағын түсінуі өте маңызды. Зауыт 2021 жылдан бастап жұмыс істейді. Сою және қайта өңдеу қуаты тәулігіне 1500 ірі қара мал ба-сыын құрайды. Малды қабылдау процестері өте ашық, жеткізудің барлық сәттері қарастырылған»,

АКТИУБИНСКЕ ФЕРМЕРЫ ГОТОВЫ К СОТРУДИНЧЕСТВУ С КОСТАНАЙСКИМ МЯСОПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИМ КОМПЛЕКСОМ

В палате предпринимателей Ак-тиубинской области организовано-в встречу местных сельхозтоваро-производителей с представите-лями Костанайского завода «Beef Export Group».

В ходе презентации они расска-зали об условиях по закупу сель-хозживотных, разъяснили при-оритеты компании и коммерчес-ких программ финансирования по-тенциальных партнеров. «Для нас крайне важно, чтобы фермеры понимали перспективы сотрудничества с нами.

Мы рассказываем о том, какие условия созданы на предприятии для закупа продукции. Завод в эксплуатации с 2021 года.

Мощности забоя и переработки составляют 1500 голов КРС в сут-ки.

Процессы приема скота совер-шенно прозрачные, предусто-влены все моменты с достав-кой», — рассказывает менеджер по закупу компании «Beef export group» Жібек Әмірбек.

Мясокомбинат производит закуп КРС в живом виде и по выходу мяса после убоя.

— дейді «Beef export group» ком-паниясының сатып алу жөніндегі менеджері Жібек Әмірбек. Ет комбинаты ірі-қара малды тірі күйінде және еттің нақты өнімі бойынша сатып алады. Мысалы, тірі сиырларды сатып алу үшін семіздігіне байланысты 700-ден 1030 теңгеге дейін төлемі қарастырылған келісіне. 30-дан астам бас тапсыру кезінде әр бас үшін 2000 теңге мөлшерінде қосымша үстемеақы есептеледі. Сондай-ақ, фермерлерге ІҚМ 400-ден 450 кг-ға дейін тірі салмағы ет өңдеу комбинатына тапсырылған кезде субсидиялауға (200 тт/кг) жататынын еске салды.

Қобда ауданы «Қосшы» шаруа қожалығының басшысы Айдос Хамидолланың айтуынша, ол ірі қара, жылқы және қой өсірумен айналысады. Негізгі өткізу ар-

К примеру, закуп коров в живом виде варьирует от 700 до 1030 тенге за кг. При сдаче более 30 голов, начисляются дополнитель-ные надбавки в размере 2000 тенге за каждую голову. Также фермерам напомнили, что КРС от 400 до 450 кг. живого веса подлежит субсидированию (200 тт/кг) при сдаче на мясоперераба-тывающий комбинат.

По словам главы крестьянского хозяйства «Қосшы» Айдоса Ха-мидоллы, он занимается разведе-нием КРС, лошадей и овец. Основным каналом сбыта являю-тся Шымкент и Туркестанская область, а также местные откор-мочные площадки. А полученная информация дает возможность актиубинским фер-мерам для экспорта местной продукции и освоения новых рын-ков сбыта.

«Вопрос транспортировки пого-ловья скота всегда актуальный для фермеров.

Важно, что завод возмещает за-траты на эти расходы или предо-ставляет собственный транспорт. Также берет на себя все вопро-

насы Шымкент және Түркістан облысы, сондай-ақ жергілікті бор-дақылау алаңдары болып табы-лады. Ал алынған ақпарат Ақтөбе фермерлеріне жергілікті өнімді экспорттауға және жаңа өткізу нарықтарын игеруге мүмкіндік бе-реді.

«Мал басын тасымалдау мәселе-сі фермерлер үшін әрқашан өзек-ті. Зауыт бұл шығындарды өтейді немесе өзінің көлігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тасымалдауға тиісті ветеринариялық анықта-маларды ресімдеу бойынша барлық сұрақтарды өзіне алады. Жалғыз мәселе, біз нарықтың қажеттілігін ескере отырып, са-тып алу бағасын кем дегенде 100 теңгеге ұлғайту жағына қар-ай қайта қарауды, сондай — ақ өңірдің аумағынан шықпай-ақ малды тапсыру мүмкіндігін қара-стыруды ұсындық», — деп атап өтті фермер. Кездесу барысын-да Қостанай ет өңдеу кешенінің өкілдері Ақтөбе аграршылары-ның сұрақтарына барынша жауап беруге тырысты, сондай-ақ олар-дың ұсыныстарын ескерді.

«Мұндай кездесулер ауыл шару-ашылығы тауарын өндірушілердің өңіраралық ынтымақтастығын қалыптастырады және экспорт-тық әлеуетті нығайтудың жаңа мүмкіндіктерін ашады», — деп түсіндірді «Атамекен» ӘКП АӨК бөлімінің сарапшысы Данабек Ержанов.

Бүгінгі таңда Ақтөбе облысында 9000-ға жуық шаруа қожалығы бар, олардың 8000-ы мал шару-ашылығымен айналысады.

сы по оформлению соответствую-щих ветеринарных справок на транспортировку.

Единственный момент, мы пред-ложили пересмотреть закупоч-ные цены в сторону увеличения хотя бы на 100 тенге с учетом потребности рынка, а также воз-можность сдачи скота без нашего выезда с территории региона», — отмечает фермер.

В ходе встречи представители ко-станайского мясоперерабаты-вающего комплекса максимально постарались ответить на вопросы актиубинских аграриев, а также взяли на заметку их предложе-ния.

«Подобные встречи укрепляют межрегиональное сотрудниче-ство сельхозтоваропроизводи-телей и открывают новые возмо-жности укрепления экспортного потенциала», — комментирует эксперт отдела АПК РПП «Атаме-кен» Данабек Ержанов. На сегодняшний день в Акти-убинской области насчитывается порядка 9000 крестьянских хо-зяйств, 8000 из которых занима-ются животноводством.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА БЖЗҚ-ДАН БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ТУРАЛЫ

БЖЗҚ өз салымшыларына (алушыларына): міндетті зейне-тақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жар-налары және мерзімсіз белгілен-ген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі, ерікті зейнетақы жар-налары және тобы мен мерзімі-не қарамастан мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары есебінен белгілен-ген кесте бойынша жалпыға бір-дей белгіленген зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы төлем-дерін алуға құқылы.

Салымшыға (алушыға) өзінің мәртебесін растайтын құжаттар-ды көрсетудің қажеті жоқ. БЖЗҚ

салымшының (алушының) Қа-зақстан Республикасының "Дер-бес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес берілетін келісімімен Қазақстан Респу-бликасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған дерек-тер банкі" ақпараттық жүйесінен мәліметтерді веб-сервис арқылы сұрау жолымен мүгедектіктің (тобы, белгіленген мерзімі) бо-луын дербес тексереді.

Бұл әрекет Еңбек министрлігі, Мемлекеттік корпорация және БЖЗҚ арасында жасалған келісім шеңберінде "Азаматтарға ар-

налған үкімет "Мемлекеттік кор-порациясы" арқылы жүзеге асы-рылады.

Зейнетақы жинақтары төлеміне өтінішті БЖЗҚ-ға enpf.kz сайты, кеңсеге жеке жүгіну немесе сенім білдірген тұлға, сондай-ақ, пошта арқылы беруге болады.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға барып қызмет көрсету ұйымдастырылға-нына назар аударамыз. Бұл ретте алдын-ала кеңес беру, оның ішін-де қызметтерді қашықтықтан, Қор кеңсесіне бармай-ақ алу мүмкін-дігіне тексеру жүзеге асырылады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

(Госкорпорация) в рамках со-глашения, заключенного между МТСЗН, Госкорпорацией и ЕНПФ. Подать заявление на выплату пенсионных накоплений можно, обратившись в ЕНПФ лично че-рез сайт enpf.kz, в офис или че-рез поверенное лицо, а также по почте. Обращаем внимание, что в ЕНПФ также организовано выезд-ное обслуживание для лиц с ин-валидностью первой или второй группы, установленной бессроч-но. При этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка на возмо-жность получения услуг дистанци-онно, без выезда.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІН НАЗАРЫНДА

Осы аптада Аудандық Қоғамдық Кеңестің кезекті отырысы өтті. Бұл жолғы кеңестің күн тәртібі-не қойылған екі мәселе де бірі-бірімен сабақтас. Яғни, аудандық полиция бөлімінің 2022 жылы қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бо-йынша атқарылған жұмыстары мен аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметінің құқықтық тәрбие және балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы атқарған жұмыста-ры тыңдалды.

Алғашқы мәселе бойынша ау-

дандық полиция бөлімі бастығы-ның міндетін атқарушы Дархан Ғалымжанов баяндаса, екі мәсе-ле бойынша аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қыз-метінің бастығы Азамат Көкебаев хабарлама жасады.

Әрине, бұл бағытта атқарылған жұмыстар жеткілікті. Нәтижесінде салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, қылмыстық деректердің көмігенін көреміз. Алайда, ашыл-май тұрған қылмыс баяғы сол мал ұрлығы. Оның бірнеше се-бебі бар. Яғни, бірінші мал бағыл-майды. Екінші мал иесі «жүрген шығар» деген ниетпен жоғалған

малды әуелі өз бетімен іздеп, со-дан кейін барып, полиция қызмет-керлеріне жүгінеді. Ол ұрының ұзап, ізін суытып үлгеруіне жол ашады. Соның салдарынан мал ұрлығы ашылмаған қылмыс бо-лып «ілініп» тұр.

Бірақ, Қоғамдық кеңес мүше-лерінің басым көпшілігінің сауалы бұралқы иттердің зияны туралы болды.

Сонымен қатар, қоғамдық кеңес мүшелері тәрбие, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жасөспірімдер қылмысының ал-дын-алу мәселелері туралы өз ұсыныстарын айтты.

ДІН ҰЛТТЫҢ ДӘСТҮРІМЕН ҰШТАССА...

Қазіргі уақытта қоғамда қорда-ланған мәселенің бірі – дін сала-сында зардап шеккен адамдарды оңалту. Әр облыс пен ірі қала-ларда бұл жұмыспен негізінен арнайы оңалту орталықтары ай-налысуда. Аталған орталықтар-дағы теолог мамандар адасушы ағымның айтағына еріп, өмірде адасқан жандармен тікелей жұ-мыс істейді. Оларға теологиялық дәрістер өтіп, Қазақстанның заңдарын түсіндіріп, психолог ма-мандар көмек береді. Мешіт қыз-меткерлері мен имамдар да бұл істе шеттеп қалып отырған жоқ.

Себебі адасушы ағымдар жетегі-не көбіне діни білімі таяз адамдар ілігуде. Осы орайда мешіттерде-гі діни оңалту жұмыстары қалай жүргізілетіні және оңалту бары-сында нені ескеру керектігіне ар-найы тоқталуды жөн көрдік.

«Мұсылман мұсылманды көпір демесін, әйтпесе сол сөз екеуінің біріне қайтады» - деген Пайғам-бар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисін ескермей-біз. Сөйтіп «біздікі ғана дұрыс» деп көкірек ұрып жүргенде, Сирия си-яқты берекесі қашқан елден бір-

ақ шығып, жұмақтағыдай өмірді ансап барған олар алданғанын сонда ғана біліп, сан соғады. Ол жақта дұрыс өмір сүре алмай, не қайтадан елге қайта алмай дал болады. Дегенмен еліміз «Жу-сан» операциясын жолға қойып, толеранттылығы мен кеңпейіл-дігімен «адасқандардың қайтып үйірін табуына» көмек көрсетті. Елге келген соң да, олардың бәрі-не қарасып, қатарға қосылуына жәрдем беріп, сергелдеңге түскен саналарын қайта дұрыстау үшін оңалту жұмыстарын жүргізіп жа-тыр.

Бүгінгідей ақпарат тасқыны алға озған кезеңде мешіт қызметкер-лерінің жан-жақты болғаны артық етпейді. Болып жатқан мәселе-лерге біржақты қарау дұрыс бай-лам жасауға жеткіліксіз. Бүгінде интернет, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы адастырушылар-дың қармағына түсіп жатқандар аз емес. Сол себепті әлеуметтік желілерде белсенділікті барынша арттыру қажет. Арнайы парақ-шалар ашып, адастырушы діни түсініктер үнемі әшкереленіп, дәстүрлі діни таным көбірек на-

сихатталғаны жөн. Ақ пен қара-ны, дұрыс пен бұрысты ара жігін ашып көрсетіп, жұртшылықтың діни сауатын арттыруға күш салу керек.

Қазақ халқының тілдік қорында «Өлімсақтан бері мұсылманмын» деген сөз бар. Бұл – өте терең түсінік. Түркі даласынан шыққан мұсылман ойшылдарының адам-зат өркениеті мен ғылымға қосқан үлесі аз емес. Меккеде мешіт салдырған Құнанбайдан тараған Абайдың мұрасын терең зерде-лей түсу керек. Абайдың «Алла-ның өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», «Күндіз-түні ойымда бір-ақ Тәңірі, Өзіне ғашық қылған оның өмірі» деген сөздері – адасушылар ай-тып жүргендей, қазақ халқының діни танымы таяз болмағаны-ның дәлелі. Сол себепті оңалту жұмыстарында «қазақ зиялыла-ры дінді білмеген» деген шолақ түсініктерге нақты, тұшымды жа-уаптар берілуі тиіс. Діннен зардап шеккендерді оңалту жұмыстарын жандандырып, мазмұнын терең-детіп, ауқымын кеңейте түскенде ғана одан оң нәтиже күте аламыз.

Р. КАДИРОВ,

«Жаңа Ру» жастар коалициясы ЗТБ-нің президенті.

ОТБАСЫ - ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Отбасы - адам баласының өсіп-ө-нер алтын ұясы. Адамның өмірін-дегі ең қуанышты қызық дәуіріні өз отбасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын - тәрбие жұмысын атқаруы тиіс. Өке мен ананың арасындағы сый-ластық, өзара түсінушілік, олар-дың бір-бірін ұғынысуы, сыйла-суы, қандай мәселелер болсын, материалдық, әлеуметтік, қоғам-дық және экономикалық мәсе-лерді шешуде пайымды шешім-дер тауып жатса, бұл отбасының берекесі мен берері де мол бола-тыны мәлім. Осы мәселе қазіргі кезде еуропалық дәстүрге көбірек бой ұрып барады. Яғни қазақ болмыстан айырылып, бала тәр-биесі, отбасы берекесі келеңсіз жәйттерге бой ұра бастады.

Ата-аналардың татулығы отбасы-ның күре тамыры. Өйткені, ол бала берілетін тәрбие және әлеу-меттік мәселелердің тууына әкеп соқтырады. Ал, олардың атқара-тын міндеттері шексіз де, шетсіз.

Ата-аналардың балалары ал-дында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш бо-луы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар ал-дына үлкен жауапкершілікті жүк-теп отыр.

Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениет-ті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбие-леу» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасын-дағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік. Балалар ата-анасының

еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайының әрекеттерін қадағалап жағдайла-рын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүд-денің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің үй-ымдастыруда кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10-сөзінде: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мыңы берем деп, баста ба-лаңды алдағаныңа мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» - деп балалары-на теріс тәрбие беретін ата-ана-ларды сынайды.

Қазақ ағартушыларынан С. Кө-беев те отбасы тәрбиесі мәселе-леріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы отбасында тәр-биелеу» деген еңбегінде ата-а-налардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәти-жесі екендігін атап көрсетеді.

Ұзақ жылдар бойы отбасы тәр-биесі баланы тәрбиелеудің бір-ден-бір формасы болып келді. Қазіргі қоғамдағы отбасы бала-ның шыр етіп дүниеге келген күні-нен бастап өмірінің соңына дейін тәрбиелік ықпал жасайтын негізгі ошақ болып отыр. Адамзат та-рихындағы отбасы тәрбиесінің тәжірибесі көптеген педагогика-лық теориялардың пайда болуы-на алып келді.

Баланы өмірге дайындауда отба-сы тәрбиесіне үлкен жауапкер-шіліктің жүктелетінін көрсетеді. Әділдік пен бауырмалдық, өзара түсінушілік, ата-анаға және туған туыстарға деген сүйіспеншілік пен сыйластық, Отанға және ай-наладағы қоршаған табиғатқа деген махаббат, адамдарға және еңбекке деген құрмет тағы сол сияқты қасиеттер баланың кіш-кеңтай кезінен отбасында және мектеп қабырғасында қаланады. Сондықтан отбасындағы, мек-тептегі және айналадағылармен қарым-қатынас жасаудың дұры-стығы өте маңызды.

Гүлжанат ЕРМАҒАНБЕТОВА,

Аудан өкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы.

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!!!



Енді санулы күндерден кейін жаздың айы басталады. Бұл далада қауіптің күшейетін кезеңі. Далада сәл нәрседен басталған өрттің алып аумақты шарпы әп-сәтте. Орман дала алқаптарында өртті болдырмау үшін:

- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сіңген сұрту материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықситын материалдарды тастауға тыйым салынады.
- шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;
- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан өткеннен кейін ғана қолдану;

- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз ету;
- облыстық және жергілікті маңыдағы автокөлік жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;
- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;
- мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып сыммен қоршалуы тиіс;
- пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

жерге жинауға тийм салынады;

- шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жырту арқылы өрттен қорғауы қажет

Далалық жерлердегі өрттердің басты себебі шаруа қожалықтардың қолданысындағы агрегаттар мен техникалардың ескіруі, ұшқын өшіргіштермен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтылмауы. Сонымен қатар, облыстық және аудандық маңыздағы тас жолы бойында көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын сөндірмей тастауынан да өрттер тіркелуде.

Тұрғын үй аумақтарында өрттерді болдырмау үшін келесі шараларды орындау қажет: тұрғын үйлерге, құрылыстарына жақын орналасқан аумақтарды тұрақты түрде қоқыстан, қалдықтардан және өртенетін материалдардан тазалап отыру, қоқыстарды арнайы белгіленген жерлерде жинап, шығарып тастау қажет. Оларды жинау орындарында өртеуге болмайды. Осы айтылған шаралардың барлығы әр азаматтың сана сезімінде болып, немқұрайлы қарамауы тиіс. Өртті болдырмау, алдын алу шараларын жасау баршамыздың көңіл бөлер ортақ міндетіміз. Өз міндетімізді дұрыс түсіну кездейсоқ өрт шығу фактісіне ұрындырмауы сөзсіз.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамай өрттің туындауына жол берілген жағдайда айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес өкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Есіңізде болсын! Өртті байқаған жағдайда жедел түрде «101», «112» шұғыл қызметтерінің телефондары бойынша хабарлауларыңыз қажет.

МЕЙІРБИКЕЛЕРДІҢ БАСЫН КОСҚАН КОНФЕРЕНЦИЯ



Жуырда Көптоғай дәрігерлік амбулаториясында «Мейірбике ісінде инновациялық тәжірибе алмасудың көшпелі кеңесі» тақырыбында аудандық конференция өтті. Конференцияға аудан орталығы мен ауылдық округтерде қызмет етіп жүрген ақ халатты

абзал жандар, мейірбикелер мен кәсіподақ белсенділері қатысты. «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Ойыл аудандық кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен өткен аталмыш шараға қатысушылар алдымен «Ауыл

- ел бесігі» жобасы аясында жаңадан бой көтерген Көптоғай дәрігерлік амбулаториясының бүгінгі тыныс-тіршілігімен, ғимараттың ішкі жабдықталуымен танысты. Конференцияның ашылу салтанатында ауыл әкімі Ерлан Асылбаев мейірбикелерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттырудағы орта буын медицина қызметкерлерінің рөліне тоқталды. Бүгінде өңірде адам өмірі үшін күрестің алдыңғы шебінде 147 мейірбике қызмет көрсетуде. Конференцияның мақсаты - аудандық аурухананың емдеу мекемелеріндегі мейірбикелердің өзара тәжірибе алмасулары арқылы олардың емдеу-сауықтыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерін енгізу, мейірбикелер рөлін көтеру.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҒАМ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ



«Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ бойынша өрт қауіп мерзіміне байланысты Ойыл ауданы тұрғындарына және қонақтарға мына

жағдайларды ескертеміз! Жолыңыз түсіп орманға бара қалсаңыз, от жақпауға тырысыңыз. Ал егер қандай да бір жағдайда от жағуға тура келсе, барынша

сақ болыңыз. Өртүрлі себеппен тұтанып жатқан отқа тап болсаңыз, дереу 8-71-332-73-174 телефон нөміріне шығыңыз. Болмаса 8-778-886-9205 нөміріне қоңырау шалыңыз. Тіпті болмаса 101 немесе 112 жедел нөміріне шығыңыз. Бұл сіздің азаматтық борышыңыз! Сонымен бірге биылғы 30 қазанға дейін өрт қауіп мерзіміне байланысты орманға рұқсатсыз кіруге болмайды. Орман шаруашылығы алқабынан шөп шабатын немесе басқа да жанама орман пайдалануға ниеті бар азаматтар орман шаруашылығы кеңсесінен (Ойыл ауданы, Екпептал ауылы) «Орман билетін» алуға міндетті. Мемлекеттік қызмет көрсету қағаз жүзінде көрсетіледі. Жұмыс күндері келу қажет.

Т.СЕНҒАЛИЕВ,
Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ директоры орынбасары.

ТЫРЫСҚАҚ — АСА ҚАУІПТІ АУРУ



ХОЛЕРА /тырысқақ/ - Оңтүстік және Шығыс Азиядағы мемлекеттерде өте жиі кездесетін жұқпалы ішек-қарын ауруының бірі. Тырысқақ ауруы әсіресе Үндістанда, Африка және Оңтүстік Америка елдерінде жиі кездеседі. Қазіргі кезде туристер арасында тырысқақ ауруын шет елдерден әкелу қаупі зор.

Тырысқақ қоздырғышы ұзақ мерзімге дейін адам денесінен сырт жерлерде өмір сүруі мүмкін. Қоздырғыш ашық су қоймалары мен теңіз суында бірнеше айға дейін, қайнамаған суда 25 күнге, қайнаған суда 37 күнге дейін тіршілігін жоймайды.

Әсіресе монша суы жиналған шұңқырларда 106 күнге дейін өмір сүреді.

Сонымен қатар, көкөністерде, жемістерде, сүт, етте бірнеше күнге дейін өмір сүреді. Тырысқақ вибрионын бақылау мақсатында Ойыл облағ қарсы күрес бөлімшесімен Ойыл өзенінің белгіленген нүктелерінен мамырдан қазан айына дейін апта сайын алынған су сынама-лары зерттеліп отырады.

Тырысқақ қоздырғышы ауру адамнан сау адамға әртүрлі жолмен жұғады. Сонымен қатар, су, көкөніс арқылы да жұғады. Дай-

ын тағамдар шыбын арқылы тырысқақ қоздырғышымен ластануы мүмкін.

Қоздырғыш адам денесіне енгеннен кейін аурудың алғашқы белгісі білінгенше бірнеше күн өтеді. Аурудың жасырын мерзімінің ұзақтығы бірнеше сағаттан алты күнге дейін созылуы мүмкін.

Аурудың алғашқы белгілері - жиі-жиі іш өту, құсу, нәжіс сұйылып, бірте-бірте табиғи түсін жоғалтуынан басталады. Аз уақыттың ішінде нәжіс түсін мүлде жоғалтып, күріш суына ұқсайды.

Науқас бірте-бірте әлсізденіп басы айналып, аяқ-қолының бұлшық еттері тартылып, қалшылдайды. Ауру адамның дене қызуы төмендей бастайды.

Аурудан сақтану жолдары:

1. Егер ішіңіз өтіп, құсып, қызуыңыз бір қалыпты болмай әдеттегіден төмендей бастаса, өз бетіңізбен дәрі-дәрмек ішпей, дереу дәрігер шақыртыңыз.
2. Қолды таза ұстап, тамақ алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды сабындап жуу, тырысқақ ауруын болдырмаудың бірінші кепілі.
3. Қайнамаған су, сүт, сырты жуылмаған көкөніс, жемістерді пайдалануға болмайды.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ӨСІМДІКТЕР ҚАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТІЛГІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі агро-өнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы ММ "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру" және "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетеді.

«Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» ҚР АШМ 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығына 1- қосымшасы бойынша «Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР-ның аумағында орнын ауыстыруға карантиндік сертификат» және «Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР-нан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметтерді көрсету қағаз және электрондық форматта жүргізіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Агрөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары, оның ішінде «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері карантиндік сертификат алуға порталға жүгінген кезде – 3 (үш) жұмыс күн, фитосанитариялық сертификат алуға порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күн және мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Қажетті құжаттар:

- 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау және карантин жөніндегі бас маманы.

ИНФЕКЦИЯ – ИНДЕТТІҢ БАСЫ

Жедел ішек инфекциялары фекальді-оральды механизммен берілетін, жүрек айнумен, құсумен, іштің өтуімен, дене қызуының көтерілуімен сипатталатын инфекциялар тобы. Бірнеше инфекцияның басын құрайды. Оған дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, вирустық гепатиттің түрі және вирустық диареялар жатады. Жалпы ішек ауруларының берілу жолдары, жұғу механизмдері, инфекция көздері бірдей, бір-біріне ұқсас. Дегенмен әр инфекцияның өзіне тән ерекшеліктері де бар. Ішек аурулары әсіресе жаз айларында, күннің ыстық мезгілдерінде көбейеді. Ауру көбінесе залалданған тамақ өнімдері мен олардан дайындалған тағамдар, жартылай фабрикаттар, су, сондай-ақ көкөніс пен жемістер арқылы пайда болады. Азық –түлік кәсіпорындарында, әсіресе ет және сүт өнеркәсібінде, қоғамдық тамақтану орындарында санитарлық-гигиеналық режимді сақтау аса маңызды. Жедел ішек инфекциясымен екі жасқа дейінгі балалар жиі ауырады. Негізгі себептері - балалардың күтімі кезінде аналардың жеке гигиенаны сақтамауы, сүт

қоспаларын дайындау технологиясының бұзылғандығы және үй жағдайында дайындалған тағамдарды, сондай-ақ жуылмаған көкөністер мен жемістерді пайдалану. Ішек инфекцияларының алдын-алу мақсатында жеке гигиенаны сақтау, атап айтқанда тамақтанар алдында қолды сабынмен жуу.

Сонымен қатар, ет тағамдарын құс еті мен жұмыртқаны дайындаудың температуралық режимін сақтау, жеміс пен көкөністерді, әсіресе қарбыз бен қауынды мұқият жуу, тез бұзылатын өнімдерді сақталуын қадағалау. Жас сәбилердің, балалардың заттарын (сүт ішетін бөтелке, емізік т.б) ойыншықтарын таза ұстап, балаларды тамақ ішер алдында қол жууға, жеміс-жидек, көкөністерді жуып жегуге, жеке бас тазалығына үйрету.

Сол себепті ата-аналарға, жалпы халыққа айтармыз, ішек аурулары әсіресе жаз айларында көбейеді. Сондықтан өздеріңіз қарапайым ережелерді есте сақтап, балаларыңыздың жеке бас тазалығына мән беруін қадағалаңыздар. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік, ағайын!

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ЕСКЕ АЛУ

**Ойыл ауданы
Қараой селосы**

Сәнім Сәйсенқызы Қабылова
(01.01.1942ж – 24.05.2022ж)

Аяулы анамызды сағына еске аламыз. Тірі болғанда 81 жасқа толар едіңіз, топырағың торқа, иманыңыз жолдас болсын! Желеп-жебеп жатқайсың.

Еске алушылар: Бала-келіндері, қызы Дәмелі, нөмерелері Думан, Наурызхан, Гүлдерайым, Нұрсұлтан, Жанболат, шебересі Дамир.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының Амангелді фельдшерлік акушерлік амбулаториясының фельдшері Сәрсен Күлнәға аяулы анасы

Сауияның

қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефонны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 711
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.**
Ақтөбе қаласы, Ә. Смайлов көшесі 9/2.
**Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.**



Ауданға ыссапармен өлкетанушы, «Ойыл» ынталы тобының жетекшісі Нұрлан Жұмағалиев келді. «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өткен кездесуге ауыл ақсақалдары, ұстаздар, аудан жастары қатысты. Кездесуді ашқан аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатынасушыларға еркін пікір алысуға шақырды. Өз кезегінде Нұрлан Нұрымжанұлы ауданның тарихы, мұрағаттық құжаттардағы тарихи деректер жөнінде баяндама жасап, Ойыл ауданының құрылған күнін 6 шілде деп бекіту жөнінде

ұсынысын жеткізді. Ал, аудандық өнер және өлке тарихы музейінің басшысы Балқия Рысбаева ауылдың, көшенің тазалығы туралы ойын ортаға салса, ауыл ақсақалдары ауыл жанашырының алдағы жоспарларын құптап, жұмысына сәттілік тіледі. Өз кезегінде Нұрлан Нұрымжанұлы еліміздің көркейіп, өсіп-өркендеуіне «Әр азамат өз ауылының жанашыры болуы керек» деп кездесуді қорытындылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АСҚАР ТАУ АЛАСАРМАЙДЫ



Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығындағы «Өкенің жақсылығы – балаға қырық жыл азық» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні – әке жолымен жүру. Мен, саналы ғұмырын балаларды оқытып, шәкірт тәрбиелеу жолына арнаған, ардақты ұстаз – асқар тау әкем жайлы айтқым келіп отыр.

Менің әкем, Сәбит Есіпкелпұлы 1960 жылы 1 қыркүйекте Көптоғай селолық округінде, 9 балалы малшының отбасында дүниеге келген. Үйдің екіншісі, ұлдың үлкені болған әкеміз, балалық шағынан іні-қарындастарына қамқор бола білген.

Сондықтан да болар, өмір жолын шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық қамқорлыққа арнау мақсатында 1982-1985 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын тәмәмдап, 1985 жылдан бастап «Құрман орта мектебінің» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызметке тұрған.

Бүгінде педагогтік стажы 40 жылдан асқан әкемнің, шәкірт тәрбиелеу жолындағы ерен еңбегі үшін алған көптеген жетістігі жетер-ақ. Солардың бірегейі 2012 жылы «Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз» республикалық жинағына, 2017 жылы Дарынның 10 жылдығына арналған облыстық «Алтын кітап» жинағына енген. 2018 жылы ҚР Білім және ғылым Министрінің екінші рет Құрмет грамотасымен марапатталды. 2021 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісін иеленді.

Әкем өткен тарих пен келер болашақты ұштастыра білетін, терең ойлы, рухы таза, ой-өрісі биік ұстаздардың бірі. «Қыран түлегіне қайтап қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, менің әкемнің алдынан ғалым да, шахтер де, басқа маман да білім алып қазақтың қаймағы бұзылмаған көркем әдебиетінен сусындауына мүмкіндік алды.

Әкем Ойыл ауданында алғашқылардың бірі болып қазақ тілі мен әдебиеті бойынша тереңдетілген білім беру жүйесін ауыл мектебіне енгізді. Осы хабар облысқа жетсе

Биыл әкемді Құрманов орта мектебі сан жылдық еңбегімен зейнетке шығуына ойы шығармашылық кездесу ұйымдастырмақшы.

Мектеп ұжымы да білікті маман, ақылды адамын қимастықпен шығарары сөсіз. Мектеп ыргасындағы ұстаздардың арасында да әкем секілді ұстаздық жолын қуған шәкірттері де бар-шылық.

Өрбір шәкірт өзі сүйген ұстазының аяулы бейнесін көкірек көрігінде, жүректің түбінде сақтауы заңдылық болса, менің әкем ұлағаты ұстаз ретінде де, аяулы әке ретінде де менің жүрегімнің төрінде.

Нәзәрке НҮРКЕН.

КӨНЕ ӨНЕРДЕН НӘР АЛҒАН

АҚЫН, ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 80-90 ЖЫЛДАРЫНДА ҰЛТТЫҚ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН АБЗАЛ АЗАМАТ, ӨНЕР ЗЕРТТЕУШІСІ НҰРЛЫБЕК ҚАЛАУОВ 70 ЖАСҚА ТОЛЫП ОТЫР. ОЛ — «ТАРАЗЫ ЖҰРЕК» ЖЫР ЖИНАҒЫНЫҢ, «АҚТӨБЕ КІТАПХАНАСЫ» СЕРИЯСЫМЕН ШЫҚҚАН БІРТОМДЫҚ ӨЛЕНДЕР ЖИНАҒЫНЫҢ, ОН ТӨРТ ПЬЕСАНЫҢ, АҚЫН, ХАЛЫҚ КОМПОЗИТОРЫ САРЫ БАТАҚҰЛЫ ТУРАЛЫ «ЖАРҚ ЕТКЕН ЖАСЫН ҒҰМЫР» ЖӘНЕ АҚЫН, ХАЛЫҚ КОМПОЗИТОРЫ ҚЫЗЫЛ ТҰРДАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ «ҒАСЫРДАН АСЫП ЖЕТКЕН ӨН» ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ АВТОРЫ. СОНДАЙ-АҚ НЕМІС АҚЫНЫ Б.БРЕХТТІҢ АТАҚТЫ ТАРЫШЫ ШЫҒАНАҚ БЕРСЕЕВ ТУРАЛЫ ПОЭМАСЫН, Т.Б. ҚАЗАҚША ТӨРЖІМАЛАҒАН АУДАРМАШЫ.



Өскен орта
...Ойыл өңірінің Қайыңды ауылы — жеті жылдық мектебі бар, шағын ғана ауыл еді. Ауыл адамдары отын-суын кіргізіп, мал жайлап алған кешкі қарбаластан кейін бір үйге жиылып, не жыршының өз аузынан жыр тыңдайтын, не сол маңдағы бірнеше ауылдың «ортақ мүлкіне» айналып кеткен «Батырлар жыры» кітабынан жыр оқып, соны тыңдасатын.

Нұрлыбек аға сол кезде көне жыршы-жыраулардың ел ішінде, онда да шалғай ауылдарда, өте сирек, бірлі-екілі ғана кездесетін соңғы өкілдерінің көзін көріпті. Солардың бірі — Атабай Бисекенов. Халық бұл жыршыны «лекіме» деп атайды екен, домбыраны қолына алып, жырды төгіп-төгіп жібергенде жыр бастауының өзі кейде 1-2 сағатқа созылады. Шүңірек көз, қалың қабақ, мұрттары салбыраған түрінің өзі өзгеше, сұсты келсе керек.

— Ауыл оны күнде тыңдап жүрсе де, әр жолы тап бірінші рет тыңдап отырғандай әсерленетін. Мысалы, «Әуез-Құлан» жырында қызды құтырған бураның өлтіретін жері бар, сол тұсқа келгенде, тыңдаушы атаулы күңіреніп кетеді, — деп еске алды ақын балалық шағын.

Сол өңірде басқа да жыр жырлайтын, өз жанынан суырып салып, өлең шығаратын адамдар көп болған.

Мысалы, ұжымшар басшысы

Айтыстағы қадамдар

Жырды үлкендермен бірге еліте тыңдайтын баланың өзі де өлең жазатын. Жазғандарын ол кезде ауыл балалары үзбей алатын «Қазақстан пионері» газетіне, «Балдырған» журналына, одан бөлек аудандық, облыстық басылымдарға да жолдайтын болды.

— 1963 жылы 4-класс оқушысы едім. Мектебіміздің директоры соғысқа қатысқан, Ленин орденді ұстаз Абдолла Қожақов болатын. Өр дүйсенбінің ер ұзақ үзілісінде бүкіл мектеп бас қосатын үлкен жиын болады. Жанымыздан өткен әр мұғалімге қолымызды шекемізге қойып, сәлемдеу рәсімін жасаймыз. Сол кездегі мұғалімдердің де көпшілігі соғыс ардегерлері ғой. Өздері тіп-тік жүреді. Міне, сондай жиында тұрғанбыз. Директор келіп, сәлемдескеннен кейін: «Оқушылар, біздің мектебіміз үшін үлкен қуанышты жаңалық болды. Біздің мектебімізден ақын шықты! Нұрлыбек Қалауов, қайдасың? Алға шық!» — деді. Мен қапелімде: «Не боп қалды екен?» — деп, сасып қалсам да, алға атқып шықтым.

«Міне, Нұрлыбектің өлеңі респу-

Қойшығали Көптілеуов, ескі әңгіме, шөжіренің білгірі Меңдіғали Көтібаров, тракторшы Қамбар Шәукіманов, т.б. «Бірақ ең мықтысы Атабай еді», — дейді Нұрлыбек аға. Атабай жыршының жары Күнсұлу да өнерден құралақан болмаған. Атабай мен Күнсұлудың айтысының бір нұсқасы кейіпкеріміздің қолында қолжазба күйінде сақтаулы екен.

— Ауыл адамдары нені де болса, бірге көтеретін, тіпті үй салу керек болса да, бірі қалмай, жұмыла кететін, бұрынғы қазақы ынтымақты тірліктің ортасында өстік. Балалар түске дейін сабақ оқысақ, түстен кейін үйірге барып, Белес Кетебаев ағайымыздан домбыра үйренетінбіз. Бәріміз де ән айтуға құштармыз. Ұмытылмастай есімде қалған жайт: домбыра тартып, ән айтып жүрген бала көрсе, үлкендер қасына шақырып алып, Мұхиттың «Зәуреш» әнін айтқызады. «Зәурештің» иірімін келтіре алмайтын бала болса, бірден: «Таста ән айтуды. Бұдан әнші шықпайды, домбыра ұстатпаңдар!», — деп, кесіп айтады. Сондықтан оңашада «Зәурешті» айтып жаттығып, шырылдайтын да жүретінбіз, — дейді ақын.

Қыстың ұзақ кештерінде ауыл бірі үйге жиылып, «Батырлар жырынан» жыр тыңдасатын. Сол өңірдегі 4-5 ауылды «аралап» жүретін бір қалың кітап бар. Бірі алып оқып, тауысқаннан кейін, екінші ауылға жолдайды... Солай айналып келе береді. Қайыңды ауылында жұрт көбіне жырды біздің кейіпкеріміздің әкесі, неміс тілі пәнінің мұғалімі Амандаулетке, ағасы Бекдәулетке оқытады екен.

— Жұрттың жырға құштарлығы сондай, түн ортасына дейін тарқамайды. Күні бойы шаршағандың ұмытып, шам жырығымен оқылған жырды еліте тыңдап, отыра береді. Жырды оқушылар ауысады, балалар отырған жерлерінде ұйықтап кетеді. Балалардың арасынан мен ғана ешқашан ұйықтамаушы едім... — дейді Нұрлыбек аға.

бликалық «Қазақстан пионері» газетінде жарияланды!», — деп, қолындағы газетті нұсқап жатыр. Мұны естігенде, басым айналып, қол-аяғым дірілдеп кетті. Ақындықтың қуанышын алғаш осылай татқанмын, — дейді Нұрлыбек аға.

Жыршылары, суырыпсалма ақындары бар ортада өскен баланың оңашада өлең жазудан бөлек, кейде біреумен айтысып, табан астынан ауызша өлең құрай қоятын қасиеті де болатын. Мұны өзі былай деп еске алды:

— Ол кезде бала атаулы үйге келген үлкендердің қолына су құямыз.

Сонда қонақтардың я разылығын, я ескертпесін, мысалы, шашыңның қобырап тұрғанын сол арада-ақ шығарылған бір ауыз өлеңмен жеткізе қоятынын көріп өстік. Бір күні қонақтардың бірінен екіншісіне беттей бердім де, сүрініп кетіп, қолымдағы құманды түсіріп алдым. Ауылдағы жыршылардың ең жасы Қамбар Шәукіманов менің анамның рулас туысы еді де, бізді «жиен» дейтін. Сол кісі мырс етіп: «Әкесі жаман ғой, әкесі жаман?! Бізге тартса, бүйтер ме еді?» — деп қалды. Сүрін-

генім — бір, әкемнің атына сөз келтіргенім — екі... Мым дуылдай жөнелді де, мен де дереу бір шумақ құрап:

«Жаз бойы асық атып,

сайда жүрдім,

Қолыма жүген ұстап, тайға міндім.

Сен айтқан менің

жаман әкетайым

Апаңды алған кезде қайда жүрдің?», — деп салдым. Отырғандар қыран-топан күліп жатыр...

Ауылдағы беташарлар, өзара әзіл-қалжыңдардан бөлек, нағыз айтысқа ең алғаш қатысқан кезі 1977 жыл екен. Сол тұста Байғанин ауданының орталығы Қарауылкелдіде Нұрпейіс Байғаниннің ескерткіші ашылып, ауданаралық айтыс ұйымдастырылыпты. Оған Алматыдан бірқатар белгілі ақындар келіп, қазылық еткен.

— Айтыс дегенмен, ол уақытта не айтатыныңды алдын ала жазып, қағазға түсіріп, комиссияға тапсырасың. Комиссиядан: «Мынау жарамайды, партияның саясатына қайшы» деген ескерту алмауың керек. Партияға, кеңестік өмірге қатысты бірде-бір келеңсіз сөз айтауың керек.

Екі адам айтысты деген аты болмаса, алдын ала жазып келген шумақтарымыз екі жаққа «қарап», бірімізді-біріміз «түсінбей» отырғанымыз... Мен сол айтыстан бірінші орын алсам да, «енді ешқашан айтысқа жоламаймын» — деген шешіммен аттанған едім.

Бірінші орынды да айтысым үшін емес, бағяы «Зәурешті» айтқызып сынайтын қариялардың алдында сүрінбеу үшін, қайта-қайта жаттыққан әншілігім үшін алғанымды түсіндім, — дейді Нұрлы-

Қызыл ақын туралы зерттеу

Нұрлыбек Қалауов бала күнінен ақын, қаламгер болуды арман етсе де, мектепті бітірген соң Ақтөбе педагогикалық институтына түсіп, еңбек жолын физика пәнінің мұғалімі болып бастаған. Бұған, бір жағынан, туған ауылындағы өзі куә болып өскен мұғалімге деген құрметтің де әсері тиген болса керек.

— Мұғалім, мектеп деген ұғымдардың өзі қазақ үшін киелі болған ғой. Біздің ауылда үлкен де, кіші де мұғалімді, мектепті шексіз сыйлап, оларды жамандау ешкімнің ойына да келмейтін. Мұғалімдер де сол құрметке сай болуға тырыса ма екен, тіп-тіке тұрып-жүріп, артық сөзге бармайтын. Балалар мұғалімнің айтқанын екі етпей орындап, соларға қарап бой түзеп өстік, — дейді.

Ойыл ауданының Саралжын, Құрманов, Саға мектептерінде біраз жыл еңбек еткен соң, қаламгерлік жолын таңдап әрі өнерге жақын болуды ойлап, аудандық «Ойыл» газетіне қызметке ауысыпты. Кейіннен Қ.Жұбанов атындағы университеттің филология факультетіне оқытушы болып, облыс орталығына келді, одан соң мәдениет саласында еңбек етті. Осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, облыстық зағип азаматтарға арналған кітапхананың директоры қызметінен зейнеттік демалысқа шықты.

Оның тағы бір қыры — драмалық

бек аға.

Ол өзін «айтыс ақыны» деп атағанды мүлде ұнатпайды. «Мен айтысты емес, өлең жазуды, жазба ақын болуды армандап өскен едім», — дейді. Ең алғаш өлеңдері оқырманға 1977 жылы Фариза Оңғарсынованың ақ жол тілеуімен «Лениншіл жас» газеті арқылы жетті, кейіннен көптеген жыр жинақтарына енді. Ал 2013 жылы жырлары «Таразы жүрек» атты кітап болып шықса, кейінірек «Ақтөбе кітапханасы» сериясының бір томына енді.

Әрине, Нұрлыбек Қалауовтың туған өлкемізде айтыс өнерін түлетуге қосқан орасан еңбегін де ешкім жоққа шығара алмайды. 90-жылдардың басында ол Мағжан Жұмабаевтың, Ақан серінің, Әлия Молдағұлованың мерейтойларына арналған республикалық айтыстарда бас жүлдеге ие болды. Өзінің осы жеңістері арқылы сол тұста қалыптасқан «Ақтөбе — орыстанып кеткен аймақ, ол жақтан айтысқа шығатын ақын табылмайды», — деген пікірді біржола жоққа шығарды. Ақтөбенің намысын қорғап, өзі айтысқа түскен кездерінен бөлек, Құдайберген Жұбанов атындағы университеттің филология факультетінде аға оқытушы болып еңбек еткен, одан соң облыстық халық шығармашылығы үйінің директоры қызметін атқарған жылдарында да, төл өнерімізді дамытуға күш салды.

Сондықтан бүгінгі ақтөбелік айтыс ақындарының оны туған өңіріміздегі қазіргі заманғы айтыс мектебінің бастауында тұрған тұлға санап, ұстаз тұтуы өте орынды.

шығармалары.

Бүгінге дейін жазылған драмалық шығармаларының бірнешеуі сахналанды. Соның ішінде «Шығанақ» атты пьесасы 2018 жылы Атырау қаласында өткен халық театрларының байқауында бірінші орын алды.

Ендігі үлкен жоспарларының бірі — Қызыл ақын Тұрдалыұлының (1860-1921 жж.) шығармашылығына арналған зерттеу еңбек шығару.

— Мен Қызыл ақының пір тұтатын өңірде туып-өстім. Біздің ауылдың үлкендері үшін Қызыл — ақын, әнші ғана емес, жұртын даудан да, жаудан да қорғап қалған асқан шешен, би әрі батыр адам еді. Менің әкем Қызылдың әндерін сүйіп орындайтын.

Өкінішке қарай, алдымдағы ағам Бекдәулет жастай өмірден өткеннен кейін, әулеттегі үлкен әжелеріміз: «Зарлаған әнді айтпа, тағы бір қайғы-қасіретке ұшырамыз», — деп, әкеме Қызылдың әндерін айтуға тыйым салды. Үлкенді сыйлау ол заманда бұлжымас заң ғой... Бірақ Қызылдың кейбір әндерін әлі де өзіме жетпей қалғандай көремін.

Бұрын нотаға түспеген әндері де бар... Соларға қоса, ел ішінен жинаған әңгімелерді, естеліктерді қағазға түсіріп, үлкен бір еңбек ұсынғым келеді. Бұл бұрынғы кітаптың толықтырылған нұсқасы болмақ, — дейді ақын.

Индира ЖАЙМАҒАМБЕТОВА.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2023

АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ

2023 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

ИНДЕКС	ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ	6 АЙ
65525	ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА	3292,42
66525	ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА	4971,92
67525	ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА	2812,42
	(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)	

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:
2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)
2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)